



ҚАЗАҚ ССР
САЯСИ ЖӘНЕ ҒЫЛМИ
БІЛІМДЕР
ТАРАТУ ҚОҒАМЫ

Х. СҮЙІНШАЛИЕВ.
Филология ғылымының кандидаты

**ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ—
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ҰЛЫ АҚЫНЫ**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
1955

ҚАЗАҚ ССР САЯСИ ЖӘНЕ ҒЫЛМИ БІЛІМДЕР
ТАРАТУ ҚОҒАМЫ

Х. СҮЙІНШАЛИЕВ
Филология ғылымының кандидаты

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ —
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ҰЛЫ АҚЫНЫ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1955

Қазақ совет поэзиясының алыбы — Жамбыл Жабаев өз халқына тән рухани күшті өзінің алып тұлғасы арқылы танытқан ұлы талант иесі болды. Ол — халқымыздың бақытты өмірі мен ерлік істерінің, халықтардың мызғымас ұлы достығының жалынды жыршысы болды.

Жамбыл — қазақ совет әдебиетінің асқар белі, бүкіл әлемге әйгілі болған жалынды поэзияның авторы, шын мәніндегі адам жанының инженері. Ол өзінің басынан тұтас бір ғасырды өткізді, ұзақ өмір оған көпті көрсетті, ақын жырларына сарқылмас нәр берді, өмір құбылыстарын шынайылықпен бейнелеуге үйретті. Ұзақ жылдардың талай ауыр кезеңдерін басынан кешіріп, өмірдің талай соқпақты сындарынан өткен ақын, еңбекші халықпен бірге қуанып, бірге қайғырып, тынымсыз күрес-тартыс үстінде шынығып өсті. Сондықтан да: «Менің шын атым — халық» деп кетті ол. Алып ақынның бұл сөзінде терең сыр, зор мән бар. Ол сыр — ақын бойындағы тамаша қасиеттердің бәрі халық қасиетімен тығыз байланысты екендігінде. Оның шығармаларының үнемі дамып отыратын зор қуаты, асқан ақындық шабыты, асқақ жыр нөсері, таңғажайып сөз өрнегі — бәрі халықтан ауысқан қасиет, халық даналығының нәрлі көзі дей аламыз. Жамбылдың ақындық даңқын асыратын күш — оның өлендерінің сол сарқылмас халық даналығымен сабақтас болуында, халық өмірінің шындығын аша білуінде, өмірдің көкейкесті мәселелерін көтере білуінде.

Жамбыл ақындығының ең гүлденген кезі, бойындағы барлық ақындық қуатын шарықтата көрінген дәуірі —

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісінің нәтижесінде орнаған совет өкметі жылдарында басталды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы тек қоғамдық өзгеріс жасап қоймай, адам санасына да үлкен өзгерістер енгізген жер жүзілік-тарихи маңызы бар құбылыс болды. Бұрын аяусыз қаналып, ауыр азап көріп келген еңбекші халыққа Октябрь таңы азаттық әперді. Сол халқымен бірге өмір азабын тартып, бойындағы жүйке тамыры суала бастаған қарт ақынның тамырына совет өкметі тұсында қан жүгірді, бойына қуат жыйылды. Жетпіс жасап, сөзден қалып отырған қарт ақынның төрінен көрі жуық еді. Жаңа заманда Жамбыл қайта жасарды, кәрі домбырасын қайта қолына алды; тамаша жарқын жыр нөсеріп ағызды. Жаңа советтік өмір көріністері ақын қыялына зор шабыт бітіріп, жалынды жырларын қыранша самғатты. Қайтып келмеске кеткен ескі заман Жамбыл жырларының үніне тосқауыл жасап, құлашын жайғызбай келген еді. Ақын есімін өз ауылы, Жетісу аймағы ғана білетін. Ал шығарған жырын өзі жүріп таратпаса, алысқа, шетсіз-шексіз қазақ жеріне кең жаятын мүмкіншілік болған жоқ еді.

Социалистік жаңа өмір Жамбыл даусын бүкіл әлемге жеткізді, ақындық даңқын асырды. Жамбыл бұрынғы қалпында қалып қойған жоқ, жаңа шабытқа ие болды, қайта қанаттанды, кемеліне келіп, өрен жүйрік ақын дәрежесіне жетті.

Жамбылдың ақындық күші советтік социалистік Отанымыздың күн санап өсіп келе жатқан асқар күшімен біте қайнап, бірге өсіп отырды. Советтік жаңа тұрмыста халқымен бірге жасап, социализм құру жолында бірге күресіп келген Жамбыл елімен бірге тарихи асудан асты. Ақын өмір талабына сай еңбек етіп, алдыңғы сапта болды, еліміздегі оқыйғаларға қызу үн қосып отырды. Ол советтік Қазақстан мәдениетінің мақтанышы, қазақ совет поэзиясының классигі, коммунизмнің жалынды жыршысы, көпті көрген ойшыл ақыны, белсенді қоғам қайраткері болды.

Жамбыл шығармаларындағы негізгі тақырып, өзекті ой, басты идея — Советтік Отанды шын жүректен сүю, оны жаулардан қорғай білу, Коммунистік партияның дана жолын берік ұстап, оның төңірегіне тығыз топтасу, халық мүддесі үшін еңбек ету, халықтардың ұлы достығын нығайту, адамгершілікті, бейбіт, бақытты өмірді ма-

дақтау, совет адамдарын, олардың ерлік күресін шабытпен жырлау болды.

Осылайша, Жамбыл бұрынғы ауыз әдебиеті өкілдері дәрежесінде қалып қоймай, ауыз әдебиетінің халықтық дәстүрін ілгері дамытты. Оның бар жақсы қасиеттерін өз бойында сақтап, совет поэзиясына әкеп ұштастырды. Жаңа заманымыздың көркемдігі жоғары, озық идеялы әдебиетінің көрнекті өкілі болды; жаңа творчестволық шыңға көтерілді. Оның поэзиясы В. Маяковский бастаған совет поэзиясымен бір сапта дамып әдебиетіміздің партиялығы мен жоғары идеялылығын танытты. Ол белгілі бір сазды, өзіне тән лепті, нанымды, нұрлы шаттыққа толы поэзия туғызды.

Біздің қазақ совет поэзиясының тамаша табысының бірі — оның қоғамдық мәнінің орасан зорая түсуінде, еліміздің өміріндегі оқыйғаларға белсене араласып, қызу үн қосып отыруында десек, оның жарқын үлгісін Жамбыл поэзиясынан да айқын көруге болады.

Үкмет пен партия совет әдебиетінің өткен жолын, оның тәжірибесін жете зерттеуді әруақыт зор міндет етіп қойып келеді. Амал не, күні бүгінге дейін қазақ әдебиетінің өткен ғасырдағы классиктері туралы да, кәзіргі көрнекті қазақ совет жазушылары туралы да айтарлықтай әдеби зерттеулер жоққа тән болып отыр. Осындай кемшіліктің салдарынан Жамбыл творчествосын зерттеу ісі де қанағаттанарлық дәрежеде емес. Жамбылдың творчестволық өсу жолын ғылыми тұрғыдан толық баяндайтын монографиялық еңбектер жоқ. Орыс тілінде, бұдан көп жыл бұрын шыққан, Зелинский мен Фетисов жолдастардың кітапшаларын айтпағанда, қазақ тілінде Жамбыл туралы лекция ретінде жазылған, ақынның өмірін танытарлық та еңбектер аз. Осы жағдайды атап көрсете келіп, Қазақстан совет жазушыларының 3-съезі өзінің қарарында былай деп жазды:

«Съезд жазушылар Одағының басқармасы мен президиумы тарапынан халық ақындарының творчествосына, Жамбылдың творчестволық мұрасын зерттеп, насихаттауға жеткілікті назар аударылмағанын атап көрсетеді»¹.

Бұл қарар қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдар мен әдебиетшілер алдына зор міндеттер қояды, Жамбыл творчествосының жержүзілік маңызын толық танытып,

¹ «Әдебиет және искусство» журналы. № 11, 1954 ж. 127-бет.

оның ақындық ерекшелігі мен көркемдік әдістерін, тіл шеберліктерін арнаулы зерттеуді, көлемді монографиялық еңбекті керек етеді.

Бұл лекция ақынның өмірі мен творчествосына қалың көпшілікті таныстыру мақсатында ұсынылып отыр. Ол жоғарыда көрсетілген зор талаптарды толық және жан-жақты ашуды мақсат етпейді.

I

XIX ғасырдың қыркыншы жылдары қазақ мәдениетінің тарихына екі алып ақынды әкелді. Оның бірі — ұлы ақын Абай Құнанбаев болса, екіншісі — Жамбыл Жабаев еді. Абайдан бір жыл соң дүниеге келген Жамбыл Абай жетпеген арманға жетіп, халқының ғасырлар бойғы ой-тілегінің орындалғанын — Қазақстанда бақыт таңы атқанын социалистік қоғам орнағанын өз көзімен көрді. Жамбыл жаңа өмірге қартайған шағында жетті. Бірақ ол жасы жеткеніне қарамастан, әдебиет майданында тынымсыз еңбек етті. Советтік өмірдегі ғажайып істер ақынға сарқылмас күш-жігер, зор шабыт берді. Сөйтіп, жаңа заман қайта жасартқан ақын өмірге белсене араласты.

Ақын дүниеге Жамбыл тауы баурайын қуып өтетін Шу өзені бойында, 1846 жылдың қысында туды. Әкесі Жапа нәрестесінің атын өз елінің мекені, қысқы панасы, жаз жайлауы, жер биігі — тау атымен Жамбыл деп қойды. Бұлай атаудағы ниет: асқар таудай биік санасы бар, елге тиер панасы бар, қамқор адам болып өссе екен деген баласының болашағынан күткен аталық ақ ниет болатын.

Ақын өзінің дүниеге келуі туралы:

«Ел үркіп жүрген кезде күні-түні,
Сары аяз көш жөнекей боран күні,
Қар қауып, мұзға түскен Жамбыл екем,
Жұтынып суық ауа шыққан үні,»

дейді. Бұған қарағанда, Жамбыл ауылы қысы, жазы көшіп жүрсе керек. Жамбыл сол қыстың қытымыр ауыр жағдайында дүниеге келеді; ол кедейліктің ауыр азабын көріп өседі.

Жамбылдың әкесі — Жапа кедей шаруа болған. Оның елі Екей ішіндегі кедей ауылы болып, жер-жайылым қыыншылығын көп көрген. Көрші аталы ұру байларының

шапқыны мен зорлығына жиі ұшырап отырған. Сондықтан да ақын:

«Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,
Қамыққан қанды жасты жанды көрдім.
Ел көрдім — еңіреп босқан аңды көрдім,
Қойнында Алатаудың зарды көрдім,»

деп жас кезінде өз көзімен көрген ауыр ел жағдайын сыйпаттайды. Қазіргі гүл бақшалы, ел байлығының ақ ордасындай Алатаудың қойнындағы бұрын болған бақытсыздықты ашады. Ол кездегі Жетісу еңбекшілерінің күн көрісі тым ауыр болып, олардың жиі-жиі жұтқа ұшырап отырғанын айтады. Оның үстіне, озбыр көрші хандықтардың шабуыл-жортуылдары да, үстем таптың езушілігі де еңбекші халықтың еңсесін көтертпейді. Ұлы жүз үйсін еліне үлкен бүлік салып, ауыр азапқа ұшыратқан жойқын жортуылдың бірі сұлтан Кенесары Қасымовтың хандықты қайта құруды көксеген реакциялық сыйпаттағы қанды жорығы болды.

Қырғыз халқы қазақпен ертеден бірге көшіп, бірге қонып жүрген ынтымақтас, бейбіт ел болатын. Осы жазықсыз қырғыз халқының жеріне баса көктей кіріп, баскесер қарақшылар — Кенесары қолы тұтқыйылдан шабуыл жасайды. Кенесары қазақ пен қырғыз халқына көп жәбір көрсетіп, қырғынға салды. Ол қазақ халқының ілгері басқан қадамын тұсап, келмеске бет алған хандық дәуірді, феодалдық-монархиялық билікті қайта орнатпақшы болды. Бұрынғы үстемдік, билікті аңсаған хан тұқымы хандық құрар жер, халықты қанау арқылы баюды мақсат етіп аласұрады. Осындай хандық-феодалдық шапқыншылық екі елді де ауыр бүліншілікке ұшыратты.

Екінші жағынан, Жетісу қазақтарын Қоқан хандығы өзіне қаратып, халықтың тынышын алады. Қоқандықтар патша әскеріне қарсы соғысқа даярланып, елден жігіт, мал, салық жыйып, халықтың басына әңгір таяқ ойнатты. Қоқандықтар мен ел ішіндегі феодалдардың қысымына халық төзе алмайды. Бөліне көшіп, топ жыйып, қазақ кедейлері ашық наразылықтар білдіріп отырады. Кейде бұл наразылықтар үлкен күш көрсетуге айналып, көтеріліс дәрежесіне жетіп жатады. Қоқанға қарсы, оны жақтаған қазақ феодалдарына қарсы шыққан халық қолына Шапырашты Екей кедейлері де қосылады.

«Мен емес, суық демді ел де алыпты,
Тарылтқан қысаң заман кең жарықты,
Қара күн хан билеген қанды жорық,
Дегендей ел аузында сөз қалыпты.»

деп ақын сол жортуыл кезеңнің ауыр азаптарын еске түсіреді.

Ұзаққа созылған тынымсыз жортуыл азабынан ұлы жүз үйсін елі тек ХІХ-ғасырдың екінші жарымында арыла бастайды. Бұл кезде, Қазақстанның оңтүстігі түгелдей Россияның қол астына көшеді. Қоқандықтардың үстемдігіне қарсы күресте орыс армиясын қазақ кедейлері қарсы алып, оларға жәрдем көрсетіп отырады.

Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызы зор болды. Бөлініп, ыдырап жатқан қазақ елінің басы бірікті. Россияның ілгері дамыған мәдениеті, демократияшыл ой-пікірлері әсер ете бастады. Орыс шаруаларының өз помещиктеріне қарсы күресі крепостнойлықты жоюға әкеліп соқса, бұл жәй қазақ кедейлеріне мәлім бола бастады. Шаруалар күресінің идеологтері революционер-демократтар жүргізген жаңа ой-сана Россияны ғана емес, оның шет аймақтарын да қамтып отырды. Қазақ, бурят, татар, шуаш т. б. ұсақ ұлттар ішінен сол идеяның ұрығы өз нәтижесін де көрсете бастады. Бұл елдердің — Қоста Хетагуров, Шоқан Уәлиханов т. б. сыяқты өз демократтары пайда болды. Орыс мектебінде оқу, орыс тұрмысын тану қазақ жұртшылығын жаңа өмірге бет бұрғызды. Бір қалыпты, кертартпа мұсылман шығысының ауқымында қалып қоймай, озық батыс мәдениетінің жолымен ілгері басуға, орыс халқымен тағдырлас болып, тарих жолына бірдей қадам басуға жол ашты.

Бірақ Жамбыл өскен кедей орта сол жаңа орыс мәдениетіне кезінде қолын жеткізе алмады. Оған үстем тап билеген феодалдық қоғам, отаршыл қатал тәртіп мүмкіндік бермеді. Орыс мектебінде оқып білім алуға көбінесе бай, феодалдардың балалары ғана мүмкіндік алды. Жамбыл сыяқты кедей ортадан шыққан жастардың білімге ұмтылған талабына тұсау салынып отырды. Жамбыл жас кезінде Шоқан, Ыбрай, Абайлар алған білімге жете алмады. Ол өз жолымен өсті. Ол жол — бұрыннан келе жатқан, қазақ ақындарының басынан кешкен ауыз әдебиетінің жолы болды. Жамбылдың тәрбие алған ақындық мектебі — ссл ауыз әдебиеті, халық ақындарының бұқарашыл традициясы болды.

Жамбыл ес білгеннен кейін оқу іздеумен шұғылдана алмады. Ол ең алдымен күн көріс қамын ойлауға мәжбүр болды. Өзі сыяқты кедей балаларының ауыр тағдыры болашақ ақынның алдын тосты.

«Райыттап тана мініп, қозы бактым,

Еңбекті иемденгенде шама келіп» деп, өзі айтқандай, қой соңынан ерді, қозы бақты.

Жамбыл жас кезінде молда алдын да көрген еді. Бірақ инемен құдық қазғандай ескі арап оқуы, молданың тобылғы шыбықтың астына алып әурелеуі жас жүректі әбден шошындырып алады. Қадім оқуының шыбыққа шанышқан әліп биін жаттау үшін қолданатын ескі надан молданың бұл қатал әдісі Жамбыл үшін ауыр азаптай болып көрінеді. Оның өр көңілі молда қорлығына төзбейді де мұндай азапты оқуды біржола тастап кетеді.

«Шып-шып етіп молданың
Қолындағы тобылғы,
Қозғалтпайды жон жағым,
Талай дүре соғылды...
Тілің ащы бала деп,
Қайнатты әбден сорымды.
...Оқымайын енді одан,
Домбыраны колға алам,»

деп, молданың оқуынан безіп шығады. Өнердің басқа жолын қарастырады.

Жамбылдың сөз тапқыш, ащы тілді бала екені ерте байқалады. Сол молдаға барып жүргенде-ақ ол қатар жолдастарын, қатал молданы сынаған өлеңдер шығарып жүреді. Оны біліп қалған молда Жамбылды талай рет дүрелеп, әкесін шақырып алып, «баланның тілі ащы» деп зекіп жүрген. Жамбыл одан кейін қой бағып жүрген кезінде де қойшы ертегісін тыңдап, өлең шығарып айтып, домбыра тартуды үйренеді. Бұл өнерге оның қаблеті жастай-ақ ерекше болады.

«Қойшымен кеңес құрдым қыр басында,
Өлеңмен ермек болдым жолдасыма...
Өлеңді өркендеттім, өршіп, өстім.
Көргенде жақсы жырды құстай ұштым».

дейді Жамбыл өзінің бала кезіндегі өлеңге құштарлығы туралы.

Жамбылдың өлеңмен әуестенуі ескі түсініктегі әкесі Жапаға онша ұнамаса да, шешесі Ұлданға ұнайды. Се-

бeбi, Ұлдан өз нағашыларының өнеріне жас кезінен сүйсініп, сергек көңілді боп өскен адам болады. Нағашысының бірі Қанадан деген атақты қобызшы болған екен деседі. Баласы Жамбыл домбыраны қолына алғанда мейрімді ананың тілегі де, жүрегі де осы балам нағашымдай болса, деген арманда болады. Сондықтан, Ұлдан өзінің талапкер ұлының бетін қақпай, оны мақтан етеді, сүйеніш болады. Анасына сүйенген Жамбыл ойын-тойдан қалмай өлең айтып, өзі де басқалардың өлең-жырларын тыңдай жүріп өседі.

Жамбылдың алғашқы кезде айтатындары басқа ақындардың аузынан жаттап алған өлең-жырлар, дастандар болады. Кейін өзі де өлең шығарып айтатын дәрежеге жетеді.

Онбесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.
Он алты желі ұзайтты, өрістетті,
Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға,
Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жаркылдадым,

деп кейін Жамбыл өзінің жыл санап, сатылап өсіп отырғанын еске алады.

Жамбылдың ақындық жолға белін бекем буып, бір-жола түсуі 16—17 жастан басталады. Жамбыл ақындық жолға оны ермек деп ойлағандықтан түспейді. Оның ақын болуына негізгі себеп: елдегі езілген халықтың мұны, өзіндей кедей ортаның зары болады.

Ақындық жолға түспес бұрын Жамбыл үлкен даярлықтар жасап, ақыл-кеңес іздейді. Өзінен үлкен, шешен жүйрік-ақындарға жүгінеді. Әуелі әке ақылын алу мақсатымен әкесіне арнап:

«Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын.
Домбыра алып сөйлейін
Күнде жасап мереке
Мерекелі болған соң
Елде болар береке»

деп, ұлықсат сұрай айтқан өлеңінде ол өзінің ел берекесі үшін ақын болғысы келетінін ашып айтады. Бұдан кейін өз кезінің атақты ақыны Сүйімбаймен кездесіп, көп ақыл-кеңес алады.

Жамбыл Сүйімбаймен бірге жүріп одан ақындық өнер жайында көп үйренеді. Өз жайынан өлең-жырлар шыға-

рып, ақындығын сынадады. Осылайша, Жамбыл Сүйімбайды өз ұстазы етіп алады. Оған арнап:

«Менің пірім Сүйімбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай,
Сүйімбай деп сөйлесем,
Жыр келеді бұрқырап,
Қара дауыл күйындай.»

деп шын жүректен өлең де шығарады.

Әуелі елінде сыналып, жолдас-жораларымен тіл қағысып, одан кейін белгілі ақындарды кездестіріп, солардан сөз өрнегін үйренеді. Осылайша даярланған жас ақын, көп ұзамай, ауыл ақындарын басып озып, көп жүйріктің ішіндегі жарып шығып жүлде алар жүйрігі сыяқты, халықтың көзіне түседі.

Жамбылдың 18—19 жасқа дейінгі өмірі осылай өз ауылында өтеді. Енді ер жеткен, өз елінде танылған ақын отырып қалмайды. Көрші ауылдарды аралап, басқа орта, тосын өлкемен танысу керек болады. Осы мақсатпен атқа мінген ақын қазақ, қырғыз жерлерін түгел аралап, ел өмірімен жете танысады. Ақын қай жерге бармасын, барлық жерде де, оның алдынан екі түрлі тұрмыс, еңбекші халықтың ауыр азапты өмірі, байлардың сән-салтанаты кездесіп отырады. Жас ақын осы екі таптың екі түрлі жағдайын көріп, өмір сырына түсіне бастайды. Өмірдің ауыр салмағы еңбекші жұртшылықта екенін, олардың мұңы мен ой-арманы әрбір нағыз азамат ақынның мойнындағы қарыздар міндеті екенін түсінеді. Төре, бай, мырзалардың құрған қақпанына түспей, халық жағында қалып қоюына да, осындай өмірді өз көзімен көріп, тығыз араласуы үлкен себеп болады. Оның үстіне, ол халық ақындарымен кездесіп ақылдасып, дидартасып отырды. Халық ортасынан шыққан ақын, сол халыққа арқа сүйейді, одан үнемі ақыл-кеңес алып үйренеді. Ол.

«Еріксіз онсегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа, —
Бір жағы қайнап өскен қалың елім,
Бір жағы атқа мінген бай мен датқа.
Атымды «жаксы» тартты арымалап,
Қоршалап көп отырды қайырмалап,
Өлеңнің майлы басы көпке қалып,
Отырғам улы басын байға қадап.
Жаманды ел қарғаған жамандадым,

Манапқа жақсы сөзді таба алмадым.
Аз сөзім бай, манапқа арналғанда,
Жалтақтап ел не дер деп алаңдадым.
Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым,
Аздарға сатылмадым, елде қалдым,»

деп өзінің бай, манаптың алдау-арбауына, торына түспегендігін, олардың сыйлығына қызықпағанын көрсетеді.

Жамбыл, сол кездің өзінде, халық басындағы ауыртпалық халді жақсы түсінді. Еңбекші халықтың басындағы азапты жайды ақын да жас кезінен басынан кешірді. Айдаһардай ысқырған хан, төре, бай, патша орнатқан ауыр азапты озбыр заманды сынап, оның жыландай улы зәрін шашқан сұржылан бейнесін, қара түнек сасық тұманды қоршауын әшкерелей жыр шығарды. Еңбекші халқының басына түскен қыйыншылықтың қайғылы күйін шертеді.

«Он екі айдың біреуі — арай болды,
Елдің бірі — бай, мыңы — малай болды.
Көлдей аққан көз жасты көремісің
Бай, манап озбырлығың қалай болды!»

деп, жыр айтады. Осылайша тайсалмай сөйлеп, тайынбай жыр төгеді. Жамбыл өзінің бұл ойын — ел мүддесін жоқтағалы жүргенін ешкімнен жасырмайды. Қырғыз жеріне барған кезде де қырғыздың төресі — Шәбденге кездесіп, одан қаймықпай, қайта қарсы батыл сөз айтады.

«Түнерген ел қабағы жабық жатыр,
Бірі жоқ мыңның өзегі талып жатыр.
Ел басқару қарынның қамы ма еді,
Ит те, құс та тамағын тауып жатыр,»

дейді.

Жамбылдың жыры осындай ел мүддесіне сай, үстем тапқа қарсы атылған жай оғындай боп, ақынның даңқын асырады. Оны әр ел асыға күтіп, қошаметпен қарсы алып отырады. Жамбылдың айналасына ел жастары еріп, ұзақ жерге шығарып салып, зорға ажырасатын болады. Бірақ, Жамбыл енді бір жерге тұрақтап тұра алмайтын болады. Оны бай, манаптар қудалап, күн көрсеткісі келмейді. Жамбылды халықтан бөлу мақсатымен талай тұзақ құрылады. Бірақ Жамбыл ол тұзаққа түспейді. Қазақстанның Оңтүстігін тегіс аралап, көрші қырғыз, өзбек, тәжік елдерінде болады.

Жамбылдың ұзақ саяқаты оны тағы бір жаңа дүниеге кездестіреді. Қазақтың, өзбектің, тәжіктің, түрікменнің, қырғыздың т. б. шығыс, Орта Азия елдерінің бай ауыз әдебиетімен таныс етеді. Өзі бұрын естіп білмеген, өлең, жырларды естиді. Талай батырлар жыры мен ауыз әңгімелерге кез болып, оны мұқыят үйренеді. «Манас», «Шаһнама», «Көрұғылы», «Тотының тоқсан тарауы», «Мың бір түн» хикаяларын, ертек, дастан, хисса, жырларын естіп, жаттап алып, кейін өзі де айтып жүретін болады.

Жамбыл осы сапарында талай топтан озған саңдақ ақындармен кездеседі. Олардың өлең-жырларын тындап, ой тізбегіне тізіп өз өнерін жетілте береді. Кейбір жүйрік ақындармен айтысып та қалады. Мысалы: Бақытбай, Майкөт ақындармен танысу, сәлемдесу ретінде тіл қағысса, Айкүміс, Сары, Сарбас, Құлмамбет, Досмағамбет, Шашубай сыяқты ақындармен айтысқа түседі. Жүніс ақын деген өзі жүгініп, оған ақыл айтады. Нұриламаен айтысқан оншақты ақынның төрешісі өзі болып отырады.

Жамбылдың бұл кезде шығарған өлеңдері мен айтыстары бірқос, өзіне бөлек тексеруді қажет ететін мол қазына.

Жамбыл өзінің айтыстарында сол жанрға тән тамаша суырып салма ақын ретінде көрінді. Жамбыл айтыстары өзінің көпшілігінде кезіндегі, басқа ақындар айтыстарынан өзгеше сарында келеді. Жамбыл айтыстарының өзгешелігі ішкі мазмұмынан да, сыртқы формасынан да айқын көрінеді. Сыртқы формасы дегенде, өлең құрылысы емес, айтыстың көлеміне байланысты өзгешеліктерді ескертпекшіміз. Жамбыл айтыстары сөзбе-сөз ретінде келетін шолақ өлең диалог емес, ұзақ толғау ретінде айтылады. Жамбыл айтысқанда сұрауға жауап беріп отырмайды; кең толғайды; жан-жағын тегіс қамтыйды; кейде бір елдің өткен-кеткенін, кәсіп жайын, болашақ жағдайын ұзақ әңгіме қылып отырады. Осылай ұзақ келеді де, Жамбыл айтысы өзінің сырт көлем-түрі жағынан өзгеленеді. Ұзақ толғаулы бір поэма — жырға ұқсап жатады. Жамбылдың ондай айтыстарына «Сарбас пен Жамбылдың», «Жамбыл мен Досмағамбет ақынның», «Құлмамбет пен Жамбылдың», «Шашубай мен Жамбылдың» айтыстары жатады.

Жамбылдың бұл айтыстары өзінің мазмұны жағынан да мүлде өзге, әлдеқайда терең, идеясы жағынан да көп

жерде озық жатады. Кезіндегі айтысушы ақындар елінің, руының байларын бетке ұстап, ұлық, мырзаларын тіліне тиек етіп отыратын болса, Жамбыл ол ескі жолды көбінесе қолдамайды. Қайта, ол жолдағы ақындарға үлкен сын айтып, байларды мақтау ақындық өнер емес, өмірден аулақ, қалың көпшілікке жат нәрсе екенін ескертеді. Төселген ақынның бірі — Құлмамбетпен айтысқанда Жамбыл оның осындай мәнсіз мақтанын қатты сынға алып, жұрт алдында масқара етіп жеңеді. Құлмамбет мақтаған бай, мырзалардың ұрлық, сұмдығын бетіне басып, олардың қандай адамдар екенін халық алдында әшкере етеді. Құлмамбеттің ел байлығын айтып көкігенін, арқа елі шетінен ет пен қымызға тойып алып серуендеп жүреді деген жалған сөзіне қарсы өмір шындығын, халықтың аш-арығын, мұң-мұқтажын көрсете жыр толғайды.

Құлмамбеттің оңтүстік қазақтарына таңған кінәсі жала болады. Олар: еңбекшілігі, арық қазып, су шығарып жер өндеп еңбекпен күнелтіс ететіні үшін айыпталады. Жамбыл өз елінің мұндай қасиетін айыпқа санамайды. Қайта, еңбек сүйгіштік әдетін мақтан етіп отырады. Жамбылдың мақтаны — халқының жақсы қасиеттері, еңбек сүйгіштігі, өнерпаздығы, ел қорғаған ерлері, әділет үшін күрескен шыншыл ақындары болады. Ол:

«Уа Құлмамбет, сөз тыңда,
Байларым деп салмақтап,
Не қыласын құр мақтап,
Өңкей ақмақ есекті.
Елдің сыйқын кетірген
Кәсіп қып өтірік өсекті...
Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген...
Баймын деп сендей тасыман,
Кедеймін деп жасыман!
Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сөз асырман!»

дейді Жамбыл Құлмамбетке қайырған жауабында. Ол, адамгершілікті, ерлікті, батырлықты, ел бірлігін сақтаған татулықты, өнерпаздықты жырлауды ақындық міндетім деп санайды. Осылайша, Жамбыл айтысып жүрген кезінде-ақ ақындық өнердің азаматтық маңызын түсіне білгенін байқаймыз. Жамбыл елі туралы:

«Біздің елдің адамы өнері асқан,
Өнерімен талайдың көңілін басқан.

Жерді көрген, ел көрген, қала барған,
Бір кем емес байыңнан асып, тасқан»

деп бір шалып өтсе, енді бірде:

«Жігіттер бар жетілген,
Орыс, қазақ, ұжым¹ боп,
Тізе қосып бекінген,
Бұларды айтсам мақтанып,
Жерім бар ма шалдырған».

деп достықты мадақтайды.

Осы келтірген мысалдар сыяқты Жамбыл өзінің айтыстарын өзгеше мәнге құрып, ел мүддесі, халық тілегін жыр қылып отырады. Кейде ақын қазақ елінің өткендегі тарихын шолып, сол ертеден арылмай келе жатқан халық басындағы ауыр хал, қыйын жағдайларды толғайды.

Мысалы: Жамбыл өзінің Сарыбаспен айтысында, қазақ елінің өткені мен кәзіргісін түгел шолып кен толғаулар жасайды:

«Жетісуда қазақтың
Көрген күні кем еді.
Жан-жағынан күнде жау
Елге тыныштық бермеді.
Бір жағынан — қалмақтың
Ұрылары талады.
Бір жағынан — қырғыздың
Орман ханы ойқастап,
Күнде мазаны алады.
Үшінші жақтан — Қоқанның
Бегілер бегі қоқандап,
Әскерімен топырлап
Ауыр салмақ салады.
Күнде тонау, шабыстап
Ел тыйтығы құрыды».

деп, Жамбыл ел жайына ауысып отырады.

Жамбылдың кейбір айтысы таза өнер жарысы ретінде келіп, екі ақын білім, ақындық шеберлік жарыстырып отырады. Бұнда да Жамбыл өзіне дейінгі аты мәлім халық ақындарын дәріптейді. Соларға сүйеніп, жақсы дәстүрін өзі де ұстап, басқаға да ұсынып отырады. Мысалы, Досмағамбет ақынмен айтысқанда, Шөже, Балта, Сүйімбай ақындарды өзіне сүйеніш етеді. Осы айтысқанда, Жамбыл тағы да өмір шындығына бет бұрып, қазақ қо-

¹ Ұжым — бірлік, ынтымақ мағнасында.

ғамындағы екінші бір бітеу жараның аузын аша кетеді. Досмағамбет молда ақын болса керек. Жамбылға дін жөнінен сұраулар тастап бөгегісі келеді. Жамбыл оның осы молдалығын, тақуа діншілдігін үлкен кінә етіп бетіне басады.

«Молда емессің соқырсын,
Зікір айтып зарлаған
Жаназа оқып өлгенге
Педия алып жалмаған.
Шарифат жолы мынау деп,
Қараңғы, надан халықты;
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе үйіне,
Күңіреніп бармаған,
Аттана шауып бай өлсе,
Қыйрағаттап құранды,
Күні-түні сарнаған.
Жаксы көрсе молданы,
Көз бояушы зұлым деп,
Көпшілік неге қарғаған!»

деп, жер-жебіріне жетеді.

Жамбыл осы айтысының өзінде молданың елдегі сүйеніші хан, төре, сәудегер, зұлым қулар екенін айтып, бұлардың бәрі халықты қанаушы, елді жегідей сорып жатқандар деп сыйпаттайды. Жамбылдың күрделі айтыстарының көпшілігі осындай терең мағналы, өмір шындығына толы болып келеді. Осы қасиеттерімен Жамбыл елге ұнаған, халық арасында құрметті ақын боп өскен.

Жамбылдың басқа айтыстары шын мағнасындағы айтыс емес. Кездесу, тіл қағысып, амандасу, дидарласып пікір алысу ретінде келеді. Бірақ онда да ақын шеберлігі айқын.

II

Жамбылдың ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейінгі творчествосы жоғарыда талданған сыяқты айтыстармен сарқылмайды. Жамбыл айтыс ақыны қатарында қалып қойған, өрісі тар ақын емес, олардан әлде қайда ілгері кеткен, мойны озық жатқан ақын. Ақынның революцияға дейінгі шығармаларынан бізге көптеген өлең, бірнеше поэмасы мәлім. Әрине, Жамбылдың революцияға дейінгі 50—60 жыл бойына шығарған бар өлеңдері осы деуге болмайды. Ол өлеңді өте көп айтқан ақын. Ұзақ толғаулары мен жырлары да болған. Амал не,

ақынның ол шығармалары кезінде баспаға жарияланып отырмағандықтан ақынның жадында болмаған. Бірақ Жамбылды білетін қарт ақындар мен ел адамдары ақынның әзір белгісіз өлеңдерін еске түсіріп айтып беруі мүмкін. Сондықтан ақынның әдеби мұрасын өте ұқыптылықпен келешекте де үзбей іздеп, жыйнап, баспаға жариялау керек.

Жамбыл өзінің революцияға дейінгі өлеңдерінде де ел өмірі мен халық тұрмысын әңгімелейді. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті, таптық қайшылықтарды сөз қылады. Қазақ ауылының жайы, қазақ кедейлерінің ауыр хал-жағдайы айтылады. Сондықтан, ақын сол революцияға дейінгі творчествосы мен де үлкен реалист болып танылады. Халқымен бірге өсіп, бірге қайғырып, бірге алға басып келе жатқан ақын өз өнерінің мақсаты етіп езілген көпшіліктің келешекке деген ой-арманын, мақсат-тілегін жырлауды алады. Сөйтіп, ол жауын мерт еткендей, сөзі өткір, тілі шебер, сыншыл ақын болды. Еңбекші халықты қанаушы: хан, төре, датқа, бай, манап, феодалдар мен молдаларды өлтіре сынап, сықақ етіп, олардың нағыз бет-пердесін ашып көрсетеді. Сөйтіп, халықтың көзін ашып, санасын оятады; көңілін сергітіп, үмігін зорайтып отырады. Жамбыл өзінің «Жылқышы» деген өлеңін қазақ кедейі — жалшы, жылқышысының ауыр хал-жайын суреттеуге арнайды. Жамбылдың бұл өлеңі Абайдың «Күз» немесе «Қараша жел тоқсанмен сол бір екі ай» деген өлеңдеріне мазмұндас, үндес келеді. Мұнда да, Абай өлеңіндегі сыяқты, қазақтың, салқын күнге, ұзақ таң бойына мал күзетіп, тыным таппаған малшысы көрсетіледі.

«Сары түнде сарылып, кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз, түні,
Бұралқы ит пен малшының, сыйқы бірдей»,

деп көрсетеді Жамбыл қазақ жалшыларының ауыр халін. Қазақ кедейлерінің осындай азапты өміріне ауыр тұрмысына үстем тап билеген қатыбас заман кінәлі екенін ашып айта біледі. Өзінің «Кедей күйі» деген өлеңінде осы жайды ақын былай береді:

«...Бекеттен нан қоймайды,
Жалан аяқ, жалан бас.
Оған ауыз жарымас,

Сондадағы ар қылмас.
Қалт-құлт етіп жүргені
Қысы, жазы қарыны аш.
Қайтып жанын ашымас?
Неткен заман қатыбас?
Еткен еңбек, төккен тер
Қалай түкке татымас?»

Жамбылдың революцияға дейінгі шығармаларының басты бір құралы зілді мысқыл болды дедік. Ақын өзінің ашы тілін болыс-билерді мысқылдауға жұмсаған. Қазақтың пысықсыған, алдауыш, арам ниетті, жауыз байларын, би-болыстарын өлтіре сынап, олардың құлқын құмарлықтарын әшкере етеді. Оған Жамбылдың «Мәнке туралы» деген өлеңін мысалға алуға болады. Онда ақын:

«Жанғойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде,
Көздерін қысып келеді...
Ыңыранып отырып алады:
Әралуан қырға салады...
Ақыры «кұдай жарылқап»,
Қалталарын толтырып алады»

деп болыстардың зұлымдық іс-әрекеттерін көрсетеді. Болысты сынауда, ол, тағы да, Абайға ұқсап, былай дейді:

...Шарға түсер шағында,
Қара тер боп сабылдың.
Аялған жоқ малын да,
Ақжем болып шабылдың.
Елге сөзін жеткенше:
«Жамағат!» деп жалындың.
Қол биікке жеткен соң
Салғырттыққа салындың».

Қазақ байларының кедейді аямай жеп жатқанын, ашарық пен жоқ-жітіктің саны көбейіп, елдің тозып жатқанын ашып айтады. Бұл жөнінде оның «Қалиға», «Көкімге» т. б. өлеңдері айқын мысал бола алады.

«Сахарада қонысың,
Малға толы өрісің,
Сойылыңды соғып тұр
Болысың мен орысың»

деп, ұлықтар мен болысқа сүйенген байды сынаса, екінші өлеңінде, заңсыз сайланған әкімнің халықты зар жылатып отырғанын айтады:

...Елді билеп алуға
Қай арадан бекідің?
Әлде бекіп келдің бе,
Арын сатып бетіңнің?
Бір тояйын дедің бе
Ақысын жеп жетімнің?»

дейді.

Жамбыл енді біраз өлеңдерінде байлардың кәсіп етіп алған тағы бір жаман әдеті ұрлық екенін әшкерелейді. Өзінің «Қуғын» деген өлеңін ақын жылқы ұрлаған байға арнап шығарады.

Жамбыл жағымпаз әкімдер мен сатылғыш ақындарды «желді күнгі қамыстай, жапырылып иілген» деп сынады. Патша юбилейіне арналған выставкаға (көрмете) жыйылған ақындарға, патшаны мақтап өлең айтындар деп бұйрық берілгенде, Жамбыл өзінің «Өстепкеде» (Выставкада) деген өлеңін айтып, патшаны мақтап сыйлық алу-дан бас тартады.

Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйынның.
Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйындым»,

дейді, өр мінез ақын.

Революцияға дейінгі қазақ жерінде болған үлкен бір оқыйға 1916 жылғы қозғалыс болатын. Осы қозғалыс кезінде де ақын қарап жатпады, қайғырған халқымен бірге болып, оның ауыр жағдайын бірге тартады. Бұл кезде ақын халық ішінде жүріп өлең айтады. Елдің түскен еңсесін көтереді; сатылған болыстар мен билерді сынға алады; халыққа: бүйтіп ит қорлықта өлгенше, жаныңды жолға тік, күресіп өл, деп ақыл береді. Бұл жайды оның «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» деген өлеңдері айқын танытады. Ақын халықтың ұлық пен болысқа қарсы күресін былай суреттейді.

«...Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына,
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында».

Жамбыл сол кездегі қазақ сахарасындағы қазақ әйелінің басындағы ауыр халді, әйел теңсіздігі, қалын мал, әменгерлік сыяқты ескі феодалдық салттарды көре білді. Бұл мәселені ақын өзінің Айкүміспен айтысында да ашық айтады.

«Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп!»

деген сыяқты үндер Жамбыл аузынан тегін шықпайды. Феодалдық салттың үстемдігінен Жамбылдың өзі де жас кезінде сүйгеніне қосыла алмайды. Жамбылдың «Бөлектің қызымен қағысуы», «Нұрилага берген төресінде» ол бұл ақындарды әйелсің деп қорламайды; сыпайы, сыйлы сөзбен тілдесіп, мұңдасады, төрелік береді.

Жамбыл ақын деген атақты әруақытта жоғары ұстап, ақын мақсаты неде екенін жақсы түсінген. Ол ақындық өнерді қорлағысы келген надан байларға да, өлеңін сатқан ақынға да өлтіре соққы беріп отырған. Кәдірбай деген бір байдың ақындарды жыйып, өлген итін жоқтатпақ болғанына арнап Жамбыл да өлең айтады. Бұл өлеңінде, байдың айтағына ерген кейбір ақындарды түйреп өтіп, байдың өзіне бас салады:

Итін жаман демеймін,
Күзетіп жүр малыңды.
Көпшілікті бүлдіріп,
Ұрлап алғандарыңды...
Сенен жұртқа ит жақсы,
Күзеткен қотан, ауылды».

Жамбыл «Менің бақытым» деген еңбегінде өзінің бар өмірін баяндай келіп, Октябрьге дейін шығарған өз өлеңдерінің кімге дос, кімге қас болғанын айта кетеді. Ол: «Мен өзімнің барлық өмірімде қыр қожайындарының бетіне шындықты қорықпай айтып, шайқасумен өттім. Сол үшін олар мені жек көрді. Ал, халық менің әрбір сөзімді сүйіп, бағалады» — дейді.

Осы айтылған сөздің өзінен-ақ ақынның революцияға дейінгі өлеңдерінің идеялық мазмұны айқын көрінетін сыяқты.

Жамбылдың революцияға дейінгі творчествосынан елеулі орын алатын оның поэмалары деуге болады. Ақын батырлар жыры үлгісінде бірнеше жыр шығарып таратқан. Бірақ олардың кейбіреуі ақынның жадында сақталмаған. Жамбыл кейін еске түсіріп, «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» жырларын қайта айтып берді. Бұл дастандарында ел қорғаған ерлерді, халық батырларын көпшілікке үлгі ете, сүйсіне жырлайды. Жамбыл халық жырларын көп білген. Сол жырларды айта жүріп, сол үлгіде өзі шығарған жырларының бәрі де мазмұнға бай, тілі көркем, оқыйғасы қызықты болған.

«Өтеген батыр» дастаны қазақ халқының ғасырлар бойғы арманын танытатын шығарма. Бұл дастанды ақын халық аңызының сюжетіне құрады, хикая ретінде шығарады. Бірақ, ақын оқыйғаны шынайы өмірден аулақтатпайды, халық тарихына, қазақ қоғамының шындығына негіздей, өмірмен тығыз байланыста алып отырады. Жырда ел тыныштығы үшін күресіп жайлы мекен іздеп, жер кезген, сол жолда аянбай еңбек еткен Өтеген батырдың жарқын образы суреттеледі. Өтегеннің жайлы қоныс іздеуі қазақ елінің жан-жақтан шабуыл жасаған сыртқы жаулардан тынышы кеткендіктен болады. Автор Өтеген образын халық үшін қайғыратын, ел қонысы, тыныш өмірі, бақытты тұрмысы үшін бар өмірін сарп еткен адам бейнесінде танытады. Сондықтан, Өтеген бейнесі арқылы автор тыныштық пен бақытты өмірді аңсаған, «қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған» — жиделі байсындай, мекенді арман еткен халық образын берген. Өтегеннің хиялы да, батырлық бейнесі де, іс-әрекеті де халық бейнесінің айқын көрінісі.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде ертеден орын алып келген—жиделі байсын, ондағы бақытты өмір халық қылынан туған зор арман болатын. Осы халық арманын елі үшін қызмет еткен ақындардың көпшілігі-ақ жырлап отырғанды. Соның бірі есепті Жамбыл да жырлағанға ұқсайды.

Жамбыл, өзінің бұл жырына, кейін эпилог ретінде сөз қосты. Бұл қосымшасында ол Совет өкметі берген бақыт, Социалистік Отандағы тамаша мекен сол жиделі байсынға теңдес екенін айтып, ғасырлар бойғы халық арманының жүзеге асқандығын көрсетті. Бұл бақытты заманды орнатушылар: Ленин, Сталин сыяқты халық даналары, Коммунистік партияның кемеңгер көсемдері екенін мақтанышпен жыр етеді. Жаңа өміріміздің барлық жетістіктерін айтып, міне, Өтеген іздеп таппаған бақыт таңы атты, соның шапағына қазақ халқы да бөленуде, халықтың ежелгі арманы орындалды дегенді айтады. Ақын бұл дастанын:

«Күнді көрдік, ел болдық,
Асу бермес, өр болдық.
Осы бақ қонған таңымда,
Саған да ортақ, маған да!
Атқызған осы таңды да,
Жайнатқан бақты, жанды да,
Құтқарып елді құлдықтан

Таң нұрындай шам жаққан
Халықтың күні — Сталин,
Осы бақыт танымда
Берілген маған, саған да!»

деген сөздермен аяқтайды.

Жамбылдың «Сұраншы батыры» тарихи дастан. Тарихта аты мәлім Сұраншының бейнесін жасаған. Бұл жыр қазақ тарихының белгілі бір кезеңдегі өмірін баян етеді.

Жыр қазақ халқының жортуылдан көрген азабы мен шапқыншылардан тартқан зардабын баяндаудан басталады. Патшаның Қолпаков пен Черняев бастаған қолының Жетісу еліне келуі, соның алдындағы, қазақ елін бүліншілікке салған Құдияр хан әмірі, оның қырғыздың Орман бегімен бірігіп, хандықты сақтап қалу үшін істеген қанды әрекеттері айтылады.

«Колпаков пен Черняев
Жетісуға жеткенде
Құдияр хан қағынды,
Тағы ханды сағынды,
Алатын орыс, қазақсым,
Аламын деді бәрінді!
Қырғыздан Орман бірігіп,...
Сарыкемерде шабылды...
Бөксерде жатқан көп Дулат
Бүлінді де жарылды,
Есенгіреп ер кетті,
Кемпір, шалды еңіретті.»

деп, ақын халықтың ауыр жағдайға кез болғанын айтып алады. Осы жағдайға ұшыраған ел өзінің көңілін сергітер ақынды, жол табар батырды керек етеді. Сол кезде, халық азабын арқалап шығатын батыр Сұраншы болады. Сұраншы халық күшін біріктіріп ең алдымен елге азап әкелген хандар мен бектерге қарсы күрес ашады. Қоқан ханы Құдияр мен қырғыз бегі Орманның қазақ жерін патшадан бұрын басып алып, Россияға қарсы соғыспақшы болғанын түсінген ел Сұраншы батырдың соңынан ереді. Сұраншы қолына патша солдатынан қашқан оралдық Жағор бастаған сегіз орыс, бір татар жігіті де қосылады. Осылармен басқоса отырып Сұраншы ақылмен іс қылады. Хан бастаған ауыр қолды бұлар айламен жеңеді.

Жырдың басты қаһарманы Сұраншы. Ол ақын түсінігінде ел үшін туған ер. Ақын Сұраншыға:

«Ақ сүт берген апам — ел,
Үлгі берген атам — ел.
Адалдығын — ісіммен,
Бойдағы қару күшіммен,
Балалық хақын берейін»,

деген ерлік сөз айтқызып қана қоймайды. Оны іс үстінде де көрсетеді. Ханның қалың қолына қарсы шапқан батыр бейнесін аш қасқырға ұқсатып өте шебер бейнелейді:

Есебі жоқ қалың жау
Қоршаласып қалысты,
Ортасына алысты,
Қарсы семсер салысты.
Сілтегенде қылышы
Оң жағынан он шауып
Оны бірдей жер қауып,
Сол жағынан сілтесе,
Оңдап жауын бір шауып,
Оны бірдей ұндалып,
Ұстарадай шаш алған
Жауды батыр сыпырды»

деп көрсетеді.

Ақын Сұраншыны халық жақтаған аруақты ер бейнесінде суреттейді. Оны хан мен байлардың жауы еді дегенді айтады:

Батыр — елдің досы деп, —
Түпке жетед осы деп
Сүймейтін хан мен байларды,
Қанын ішкен адамның
Осылай еді жайлары»,

дейді.

Ақын бұл поэмасында қазақ халқының шын досы бұрын да орыс халқы болғанын, кейін де сол болып отырғанын ашық айтады, халықтар достығын жыр етеді. Жамбыл сол революцияға дейін шығарған поэмасының өзінде ақ осындай ұлы достықтың жыршысы болғанын танытады.

Бұл жырдың аяғына да автор кейін (1938 жылы) эпилог қосып, советтік бейбіт өмірді, бақытты тұрмысты, социалистік қоғамды орнатқан Сталиндей көсемді жыр етіп, совет халқын ерлік еңбек пен қырағылыққа, ел жауына мейрімсіз болуға, батырлық дәстүрді берік ұстауға шақырумен аяқтайды.

Жамбылдың «Сұраншы батыр» дастанында тағы бір құнды пікір бар. Ол ақынның эстетикалық озық ойын білдіретін, ақындықтың, өлең мен домбыра өнерінің ко-

ғам өмірінен алатын орнын белгілеп, мақсатын айтқан сөздері.

Ақын ғылым да, өнер де, ерлік істер де бәрі халық үшін қызмет етуі керек дейді. Ғылымның мақсаты, өз қортындысын халық көзіне шырақ етіп жағып қою деп ескертеді. Ал, әнші, ақын, домбырашылар алдына ақын тағы да халықтық талаптар қояды. Олар досына жылы, жауына қаһарлы сөз айта білулері керек деп көрсетеді:

«Әнші деген ат болмас,
Әуезі көңіл жұбатпай;
Ақын деген ат болмас,
Қандырмай мейір суаттай,
Жыры болмай бұлақтай,
Тынығы болмай сынаптай,
Асқан судай құлатпай,
Қыбыршығын көңілдің
Қытығын таппай сұратпай,
Досың болса күлдіріп
Сүйсіндіріп жұбатпай,
Жауың болса бүлдіріп,
Домбыраң — берен, жырың — оқ,
Дәл тигізіп сұлатпай,
Қая қақсатып жылатпай».

дейді ақын.

Халық көңілін жұбатып, мейірін қандыру ақын мен әншінің міндеті, домбырашы да сондай мақсатта болсын. Олардың тартқан күйі қар ерітер өкпек желдей есіп жатсын. Сүйтсін де халықтың көңілін оятсын дейді ақын.

Жамбыл ақындық өнерге ермек деп қараған жоқ. Ол шынайы поэзияға жоғары баға беріп, ақындықтың құнын түсірушілерді қатты сынға алды. Мал үшін тілін безеп, шындықтан ауытқыған ақындарды әруақытта өзінің жалынды өлең-жырларында айыптап отырды.

Домбырасы шіңкілдей,
Жағына сөйлеп дүңкілдей
Айтқан өлең өлең бе,
Бақылдаған ылақтай?

деді ақын ондайлар туралы.

Бұл жай, Жамбылдың революцияға дейінгі творчествосының өзінде-ақ, оның эстетикалық көзқарасы бірден-бір айқындалып, қалыптасып отырғанын көрсетеді.

III

Жамбыл «Менің бақытым» деген еңбегінде өзінің өткендегі өмір азабын айта келіп, советтік жаңа қоғамды

қандай қуанышпен қарсы алғанын, одан кейін өз өмірінде қандай өзгеріс туғанын айтады.

«Ақырында, — дейді ол, — өмірімнің жетпіс екінші жылында мен бақытты өмірге жеттім. Әлсіреп, азап көргенімде Сталин ғана қолын созды. Мен шыңыраудан шығып, тамаша гүлдерді жұпар иісті шөптерді, қыруар малдарды, сымбатты үйлерді көрдім. Мен нағыз күнді көрдім, таудың асыл тасындай таза ауада дем алдым; менің жаным да алма ағаштай гүлдеді; көзім жұлдыздай жайнап, кеудемді шаттық кернеді, өлеңдерім көктемдегі Іле өзеніндей тасыды; мен жасардым. Он сегіз жасар жігіттей шағыма келдім... Мен 70 жыл бойы көкसेген, халықпен бірге ұмтылған бақыттың, дәулеттің, қуаныштың ертегідегідей алқабын таптым.

Бұл бақыт алқабы дегенім — менің Ұлы Совет Отаным...» Бұл сөздерден бүкіл қазақ еңбекшілерінің, оның ішінде Жамбылдың да Ұлы Октябрь социалистік революциясы әперген бақыт таңына деген тамаша махаббатын көреміз. Ол патшаның тақтан түскенін естіген кезде қуаныш жырын шертеді. Халық күшін жоғары бағалап, кеменгер көсемдеріміз Ленин, Сталин есімдерінің халық көңілін өсіргендігін айтады.

«Ұстаған қанды тырнақ елді қысты,
Кім болмақ ызаланса елден күшті.
Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда,
Николай ұрған доптай тақтан ұшты,
Жарқырап бостандықтан сәуле түсті,
Жабырқаған халықтың көңілі өсті.
Ленин мен Сталиннің ұлы есімі,
Құлаққа сапылдады күшті-күшті»

деп жырлады ақын, өзінің бұл кездегі сезімін.

Октябрь туралы толық ойды ақын кейінірек көрсетті. Октябрь мерекелеріне арнап айтқан өлеңдері ақынның бұл ұлы оқыйғаны қаншалықты түсініп, қандай сезіммен жыр еткенін көрсете алады. Ол бір өлеңінде:

«Шын өмір басталады Октябрьден,
Қайнайды күй-көмейі Октябрьмен»

деп, Октябрь жаңа өмірдің басы деп дұрыс түсінеді. Бұдан кейін, азамат соғысы, оның ерлері Жамбыл жырларына арқау болады.

Совет өкметі қазақ өлкесіне қанат жайып, нығайған сайын Жамбылдың дүниеге көзі ашыла түсті. Енді ол тек

қуаныш сезімін білдіріп қоймай, совет жұмысына белсене араласты. Партиямыз бен өкметіміздің жүргізіп жатқан саясатына қызу үн қосып отырды. Елдегі мәдени шаралар мен экономикалық науқандарды жүргізуде, кеңес сайлау, қосшы құру, жер бөліс, конфискация, ауыл шаруашылығын коллективтендіру т. б. маңызды жұмыстарға араласып отырды. Бұл істердің саяси мәнін түсініп, ұлы өзгерістерді көзімен көріп, ақын жаңа заманның жалынды үгітшісі болды.

Қазақстанның өз алдына терезесі тең ел болып құрылуына бес жыл толу тойына арнап Жамбыл «Қазақстан тойына» деген өлең шығарады. Бұл өлеңінде ақын қазақ кедейлерін совет өкметіне ұйтқы, берік тірек болуға шақырады.

«Болайық үкметке кедей ұйтқы
Секілді темір тіреу көпірдегі»

дейді.

Қазақстанда жер бөліс науқаны жүргенде ақын бұл іске де белсене араласады. Өз елі — Ұзынағаш кедейлерінің жыйналысына қатысып, өзінің атақты «Замана ағымы» деген дастанын шығарып айтады. Бұл дастан халқымыздың өмірі ретінде келеді. Ақын қазақ халқының совет өкметі орнағанға дейін, правосыз, жерсіз болып, аяусыз езіліп келгенін айтады. Халық та, оның ақын-жыршылары да зарлаумен өтіп еді. Халықты шапқан ханы, елді қара түнекке қамаған молдасы, патшаға арқа сүйеген бай, манап, сәудегер, болыстары болып еді. Бұлар халық басына қайғы орнатып, ұл-қызын зарлатып, ел іренкісін кетіріп еді. Өнерсіз қалған халық қараңғылықта көшпелі өмір сүріп, азып-тозған, жұтап болған еді. Міні, осындай тұйыққа тіреліп, енді құрып кеткелі тұрған қазақ еліне жан беріп, қуат құйған совет өкметі болды. Қазақ елі ілгері басты, қазақ кедейі, ері, әйелі, кәрі, жасы түгел теңдік алды; еңбегі жанды.

Бұрын жер капиталистер мен қазақ би-болыстарының байларының қолында болса, енді кедейдің қолына көшті:

«Әперуге намысты,
Орнатуға ақ істі,
Қалын шаруа халыққа,
Маркс — Ленин болысты
Жұрт жұмыла аттанды,
Кім қостамас оң істі»

деп, ақын кедейлердің тап жауына қарсы аттанысын сыйпаттап отырды. Бұл тамаша дастанын ол мынадай үндеу сөзімен аяқтады:

«Ленин туын қолға алған,
Қалын қайрат қозғалған:
Жалшы-кедей досым ай?
Күн де туды сен үшін,
Ай да туды сен үшін,
Заң жасалды ел үшін,
Серпіле түс, берпіле
Бұрынғыдай жасымай!»

Бұдан кейін де ақын өмірге белсене араласып отырды. 1934-жылы өткізілген көркем өнерпаздар слетінде жастарға арнап «Жастар алдындағы сөз» деген еңбегін шығарады. Бұл еңбегінде ақын өнер жайын, ақындық шеберлік мәселесін, қазақтың өлең шығарғыш дәстүрін, өзінің әруақыт халық жырын жырлағанын айтып жастарға аталық ақылын айтады; өнерге, еңбекке шақырады.

Колхоздастыру дәуірі кезінде, Жамбыл ел аралап, халықты бірлесіп колхозға кіруге үндейді. Өз ауылында колхоз ұйымдасқан кезде өзі де мүше боп кіреді. Кедейлерді бірлестікке шақырған өлеңдер айтып жүреді.

1935-жылы өзінің «Жайлауға» деген өлеңін шығарып, ақын қазақтың жаңа колхозды ауылын, оның жерге, малға бай, жәйлі, жарқын өмірін суреттейді.

Жамбыл енді жұртшылыққа өзінің жаңа сарынды өлеңдерімен таныла бастады.

1934-жылғы совет жазушыларының I съезінде, М. Горький халық таланттарына жете көңіл аудару қажет екендігі туралы ерекше ескерткен еді. Осыған байланысты әр халық өз арасындағы өнерпаздарды есепке алды; олардың слеттерін өткізді. Қазақтың даңқты ақындары — Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, Доскей, Шашубай т. б. жазушылар Одағының мүшелігіне өтті.

1936-жылы Москвада қазақ искусствосы мен әдебиетінің онкүндігі өткізілді. Сол онкүндікке қазақ өнерпаздарымен бірге Жамбыл да қатысты: Жамбыл бірінші рет Отан астанасы — Москваны, оның сәулетті сарайы — Кремльді, совет өкметі мен партия басшыларын көрді. Мавзолейде болып, Лениндей дананың келбетін өз көзімен көрді. Бұл жағдай ақынға жана шабыт бітірді. Ол көргендері туралы жыр, толғаулар шығарып отырды. Сол онкүндік кезінде Жамбыл бірнеше өлең шығарады. Ақынның

шығармалары жоғары бағаланады. Жамбыл «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталады. Осы тұста ақын «Халықтың сәлемі», «Туған елім», «Ленин Мавзолейінде», «Калинин ақсақалға», «Қлим батыр», «Сталиннің ер досы», «Орден алғанда», «Дастарқан жыры» т. б. өлеңдер шығарды.

Ақынның бұл еңбектері бұдан бұрынғы шығармаларынан әлде қайда жоғары идеялы, аса көркем жыр боп шықты. Жамбылдың «Туған елім» дастаны сол кезде-ақ орысшаға аударылып, «Правда» газетінде жарияланды. Осыдан соң Жамбыл шығармалары шет елдерде де басылып, ақын даусын бүкіл әлем естіді.

М. И. Калинин қазақ өнерпаздарын, соның ішінде Жамбылды наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указын жариялап, өзі сөз сөйледі. Онда Жамбылды сонымен бірге, бүкіл халық даналығын атап көрсетті.

«Көркем өнердің ең жоғарғы, ең талантты, ең данышпан түрі халық көркем өнері, басқаша айтқанда, халықтың көңілінде қалған, халық сақтап келген, халықтың әлденеше ғасырлардан бергі бірден-бірге қалдырып келген көркем өнері, бұл күмәнсіз... Сөз жоқ, халық та нағыз, артықша көркем және данышпан шығармалар туғызып, оларды бұрынғыдан да әрі келісті етіп өңдейді» деді М. И. Калинин.

Бұл бағадан кейін, халық ауыз әдебиеті мен оны тудырушы — Жамбылдай асқан сөз шеберлері ерекше ескерілді. Жамбылға творчестволық еңбек етуге жағдай туғызылды. Жазушылар одағы оған әдеби хатшы бекітті. Ол Жамбылдың аузынан шыққан өлеңдерді жазып алып, оған көркем шығармалар мен газет, журналдар оқып, еліміздің ішкі, сыртқы жаңалықтарымен таныстырып отырды, ақынның революциядан бұрынғы шығармаларын жазып алу жөнінде едәуір жұмыс жүргізілді. Сүйтіп, ақын үкметіміз бен партиямыздың орасан зор тәрбиесін көрді. Соның нәтижесінде ақын шабыты күн санап дамай түсті. Енді ол совет шындығын, адамдарын кең қамтый жырлап, асқақтата толғады. Ақын өзінің «Халық қазнасы» деген өлеңінде:

«Елім менің жерге бай,
Айдынды шалқар көлге бай,
Төрт түлігі мыңғырған,
Егісі көз тұндырған,
Тауы тола кенге бай!»

деп совет елінің байлығын суреттейді. Халықтың ауқатты тұрмысын, колхоздасқан шаруаның өнімділігін, шат өмірін жырлап, «Шын жүректен», «Егіс жыры», «Мал өсірген аймаққа» т. б. өлеңдер шығарады.

Ленин, Сталин, Ворошилов, Калинин, Каганович, Молотов, Қиров, Қуйбышев сыяқты совет мемлекеті мен Коммунистік партияның көрнекті қайраткерлері ардақталып, олардың адам баласы тарихына сіңірген аса зор игі еңбектері көрсетіледі. Сонымен бірге, жаңа социалистік қоғам сыйпаты, бақытты, шаттық өмір көрінісі өте айқын беріліп, оған қарсы ескі сұм заман, үстем тап билеген қатыбас дәуір көрсетілді. Жеке адамдар атына байланысты шығарып айтқан еңбектері арқылы ақын Коммунистік партияның тарихи ролін танытып отырды. Әсіресе, қазақ сыяқты бұрын езіліп келген ұсақ ұлттар жайы, олардың теңдік алып ел болуы тамаша шындықпен көрсетілді.

Жамбыл өзінің «Туған елім» поэмасында адам баласының ақыл-ой кемеңгері, адамзаттың асылдары — В. И. Ленин мен оның жолын берік ұстап, ілгері апарушы И. В. Сталинді зор сүйіспеншілікпен жыр етті. Олардың тамаша образдарын жасады. Жамбыл көсемдер бейнесін халықтың өз тіліндегі асыл маржан-меруерттерін теріп, өте ұқыпты зергерлікпен жасап шығарды. Халықтың неше түрлі тамаша теңеу, эпитеттерін санап, солардың бәріне мін тағып, тек мінсіз дегенін таңдап қолданды. Ақын Сталинге теңеу іздегенде ерекше асқақтап, шалқый түседі. Жер бетіндегі бар әлем білетін не асыл, не мықты, не зор деген шендестіру қалмайды. Бірақ соның бәрі олқы боп соғып, ақын қыялы мен ойын одан әрі дамыта түседі.

Коммунистік партияның басшылық ролін ақын көсемдер атына қоса ерекше шабытпен жырлап береді:

«Компартия көсемім
Халыққа нұсқау беріп тұр,
Айтқаны еш мүлтіксіз
Орындалып келіп тұр.
Арам тап қалып адыра,
Социализм жеңіп тұр.
Аймағымды әсемдеп,
Жемісін шашып сеуіп тұр!»

дейді.

Партиямыздың бейнесін халқымыздың бойындағы ең жақсы қасиеттері арқылы сыйпаттайды. Совет халықта-

рының рухани күші мен еліміздің алып тұлғасын, ерлік сыйпаттарын сол партиямыздың тұлғасына сай қасиет деп біледі. Ақын партия туралы жазған «Большевиктер тобына» деген өлеңінде:

«Осы топқа қарасам,
Айбынындай елімнің,
Қуатындай жерімнің
Шын болаттан құйылған,
Балғасындай өмірдің
Большевикті көремін, —

дейді.

Жамбыл өзінің партия мен оның көсемдеріне арнаған өлеңдерінде халық атынан сөйлейді. Көсем мен партияға деген халық махаббатын арттыра түседі.

Партия, көсем, халық деген ұғымдар Жамбыл жырларында біртұтас келіп, бірімен бірі тығыз байланыста алынады. Сталинді ақын халықтың ұлы көсемі, күн нұры, жанып тұрған жалынды от, бүгінгі Ленин деп көрсетті.

Жамбыл бұдан әрі совет елін аралап Отанымыздағы туысқан республикаларда болады. Ол саяхаттан алған әсерін өлең тілімен әңгімелеп береді. Мысалы, грузин халқының атақты ақыны Шота Руставелидің туғанына 750 жыл толуына арналған юбилейде болғанда (1937 ж) Жамбыл Грузияға Қазақстан делегациясын бастап барады. Жамбыл Кавказдың сұлу өлкесін, Сталин туған Гори қаласын, грузин халқының сый-құрметін көреді. Бұл жай Жамбылды тағыбір ақындық өрге көтереді. Осы сапарында ақын көп өлеңдер айтып береді: «Ақынға», «Кавказға сәлем», «Кавказға», «Сталиннің туған жері», «Өмір жыры», «Туысқан ел» т. б. өлеңдер шығарды. Осы сапарға аттанар алдында өз еліндегі бір колхозда болып, «Жеңіс пен шаттық» деген өлеңін шығарып айтады. Кавказға аттанған жолында ол Чапаевский, Дондағы — Ростов қалаларын өтеді. Сол қалаларды көрген ақын өзінің «Чапай», «Тынық Донның ұлдарына» өлеңдерін айтып сәлемдесіп өтеді.

Ақын бұл өлеңдерінде Совет Одағының ұлы мемлекет екенін, жерінің кең байтақ және бай екенін, ақын қай жерге барса да алдынан өз елі, бір тілекті халықтар шығып, зор құрмет көрсетіп отырғанын айтады. Халықтың кәзіргі бақытты өмірін, оның бұрынғы езілген

ауыр халімен салыстыра отырып жыр етеді. Совет еліндегі көп ұлтты халықтардың мызғымас достығы, Коммунистік партияның халықтар достығын нығайтудағы ролі, халықтың партияға, Отанға деген шексіз сүйіспеншілігі, еңбек сүйгіш ел боп отырғаны ақын жырының негізгі өзегі болады.

«Арманы жоқ жастардың
Балапандай балбырап,
Баурайында гүлденген,
Бақыттан шомып бақытқа,
Заманы мынау түрленген,
Өмірі мынау әшекей,
Оранған жібек бүлдемен.
Срлармен бірге жүрер ем.
Солармен ойнап күлер ем,
Жас болсам қалған күнде мені!»

деп, еліміздің бақытқа бөленген жастары туралы жыр төкті.

Елімізде жаңа конституция қабылданып, сол бойынша ССРО Жоғарғы Советіне, республикаларымыздың Жоғарғы советтеріне депутаттар сайлау жүрген кезде Жамбыл тағы да халықтың зор құрметіне бөленді. Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Тіпті оның бірінші сессиясын өзі өлеңмен ашты.

Бұрын-соңды заңдар мен сайлауларды өз өмірінде көп көрген Жамбыл бұл заңның олардан ерекше өзге екенін көрді. Бұл заң қалың көпшіліктің тілегіндегі, дүние жүзіндегі бірден бір әділ заң екеніне түсінді. Өзіндей қарапайым адамдардың, мемлекет ісіне араласқанын көзімен көріп, мұндай демократия тек социализм орнатқан біздің елде ғана мүмкін болып отырғанын аңғарды. Осыдан келіп советтік Конституцияны, оны жасаған Коммунистік партияны жаңа заңдағы тамаша праволарды жыр етіп, халықты Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса түсуге шақырды.

Советтік конституция жөнінде Жамбыл: «Сталиндік ұлы заң», «Он екінші декабрь», «Сталинді сайлаймын», «Ұсынылсын», «Халық туысқандығы», «Бір жыл өтті», «Шынықтырды болаттай», «Жамбылдың халық үшін қалған жасы», «Съезд ашқандағы сөз» т. б. өлеңдер шығарды. Ол жаңа заңның артықшылықтарын айқын көрсету үшін оны революцияға дейінгі заңдармен салыстыра отырып жырлады:

«Өмірде заңды көп көрдім,
Сол заңдар бүгіп белімді,
Көзімнің жасын қан қылды,
Маңдайға әжім түсіріп,
Қайнатып мыйды даң қылды...
Қылышпен жұмсап законды
Жүргізіп жауыз Николай,
Кең дүниені тар қылды...
Ардақтысын аттырып,
Аруды малға саттырып,
Елді ерікке зар қылды.
Заңның тартып зардабын,
Зарлады налып қалың ел»

дейді Жамбыл, өзінің «Сталиндік ұлы заң» деген өлеңінде. Ескі заңға қарама-қарсы ақын жаңа заң берген праволарды мадақтап оның әділдігін атап өтеді:

«Оқу оқы, білім ап,
Жөн ал деген осы заң...
Еңбек ет те, міндет ет.
Дем ал деген осы заң.
Қартайсаң да қайғын жоқ,
Жассың деген осы заң».

Осылайша, Жамбыл еліміздің барлық мәдени, шаруашылық, саяси өміріне белсене араласты. Неше алуан күнделікті тақырыптарға өлеңдер шығарып отырды. Тек өлеңмен қанағаттанбаған алып ақын, совет өмірі мен жаңа адамдардың еңбегін толық танытарлық көркем суретті дастандар, эпопеялық жырлар айтып берді.

Ол өзіндей халық ақындары мен совет жазушыларын осы бақытты жаңа өмірді, қаһарман совет адамдарын, Коммунистік партияны жырлауға шақырды.

Жамбыл творчествосының жаңа бір биік белге көтеріле бастаған кезі де осы отызыншы жылдар еді.

Үкмет пен партия Жамбылдың әдеби еңбегіне зор маңыз беріп, жоғары бағалап отырды. Жамбылдың ақындық қызметіне 75 жыл толуы (1938-жылы) үлкен мереке ретінде өткізілді. Ақын Ленин, Еңбек қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен наградталды, Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атаққа ие болды. Бұл — партиямен үкметіміздің ақынға көрсеткен үлкен құрмет-сыйы болды.

Жамбыл шығармаларындағы басты тақырыптың бірі халықтар достығы мәселесі болды.

Партиямыздың дана ұлт саясаты нәтижесінде көп ұлтты Отанымыздың халықтары тең праволы ел болды.

Өзіндік асыл қасиеттерін ілгері дамытып, түрі ұлттық, мазмұны социалистік совет мәдениетін жасады. Халықтарымыздың өзара туыскандық достығы еліміздің коммунизмге қарай ілгері баса беруінің зор қозғаушы күші болып табылады. Жамбыл халықтар достығының осы сырын таний да, оны ардақтап жырлай да білді. Социалистік мемлекетіміздің нығая беруі үшін халықтар достығын да нығайта беру керек деп білген ақын осы достықты шабытпен жыр етті.

Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт кең жатыр.
Бірімен-бірі туысқан
Қол ұстасқан ел жатыр.
Қырғыз, қазақ, өзбектер
Монғол, ұйғыр, дүңғандар...
Армян, қалмақ, грузин
Орыс пенен украин
Терезесі тең жатыр» —

деді ақын.

Әр ұлттың ұлы адамдары халықтар достығын революцияға дейін де көтеріп, сол жолда күресіп өткендерін Жамбыл еске алып отырады.

Пушкин, Шевченко, Шота Руставели, Абай — бәрі сол достықты аңсаған кемеңгер адамдар еді. Міне, кәзір солардың арманы іске асты деп, оны іске асырып, өркендетіп отырған партия екенін айтады.

Пушкиннің сайрап кеткен жырын талай,
Шырқаған даланы өрлей ақын Абай...
Туысқан халқыменен құшақтасқан,
Біледі Қазақстан туғанындай» —

деп қазақ халқының орыстың ұлы ақыны Пушкинді өз халқы ақынындай сүйетінін, достықтың тарихи тамырларын көрсете кетеді.

«Тарас» атты өлеңінде де, Жамбыл украин елінің ұлы революционер демократ ақыны Шевченконы жыр етіп, оның арманын, қазақ жерінде айдауда жүріп, қазақ халқының досы болғанын әңгіме етеді.

Ақын ұлы орыс халқының қазақ халқына жасаған ағалық көмегін сүйсіне жырлайды. Халықтар ынтымағы берік елге ешбір жау қауіпті емес, ол достық берік тұрғанда еліміз іргесі берік деп дұрыс бағалайды.

Жамбылдың «Ғасем Лахутиға», «Асқан бұлбұл», «Сүлеймен Стальскийге», «Халық туыскандығы», «Қаны

бір бауырларымызға» т. б. өлеңдері осы халықтар достығы тақырыбын жан-жақты ашатын тамаша өлеңдер. Ақынның бұл өлеңдері өз алдына бөлек терең талдауды керек етеді.

Жамбыл шығармаларының бәріне ортақ идеяның бірі отаншылдық, ерлік, жауға мейрімсіздік болды. Советтік Отанды жанындай сүйген ақын, оның батырлық дәстүрлерін дәріптеп, кейінгіге үлгі етіп отырды.

«Ворошиловтай беренді,
Буденный батыр өренді,
Көргенде Чапай жарқылдап,
Күшіне еніп дендеді»

деп, Совет Армиясының даңқты қолбасшыларын жыр етті.

Жамбыл совет батырларын, бұрынғы батырларды жырлағанындай, мифтік, жалаң қыял, белгілі ауыз әдебиеті желісімен әкете берген жоқ. Шындыққа сай етіп, терең идея мен ақындық шеберлікті қабыстыра, жаңа шабытпен жырлап отырды. Оның «Қызыл әскерге», «Клим батыр», «Жеңіс жыры», «Ворошилов туралы поэма», «Чапай», «Аманкелді», «Заманымыздың батырлары», «Болат тонды батырлар», «Қамал бұзған қаһарман» т. б. шығармалары совет армиясының ерлік дәстүрін, жауынгерлік берік моралін, қамал бұзған алып күшін, қару жарақты шебер меңгеруін, зор айбарын жетімді суреттейді.

Жамбыл өзінің революциядан бұрынғы өмірінде хан, төре, бай, сұлтандарды өлтіре сынап, ұлы сыншы — сатирик ретінде танылса, ақын советтік дәуірде бұл айбарлы қаруын ұмытқан жоқ. Енді ол өзінің ащы тілін совет елінің, еңбекші халықтың ішкі, сыртқы жауларына қарсы жұмсады. Ол халқымызды үнемі сақ болуға, қырағылыққа үндеп отырды: Шет ел империализміне сатылған, халық жаулары әшкереленген кезде, ақын оларға деген халықтың қаһарлы ашуын, ыза-кегін білдірді. Оларға халық үкімі ретінде — «Жоғалт көзін!» деген өлең шығарады. Ақын халық жауларын ит пен жыланнан да сүйкімсіз қара бет дейді.

Елдің дәулеті мен бақытын қорғау тек шекарашылардың ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықтың қасиетті борышы екенін ескертеді.

«Елдің шетін күзету —
Ең ардақты правоң.
Жорғалап келсе сұр жылан,
Желкесін қыйып, жеткізбей,
Кесе бер деген осы заң»,

дейді.

Совет өкметінің бейбітшілікті қорғайтын ел екенін, оның басқа бір мемлекеттің жеріне де, ішкі жұмысына да араласып, қол сұқпайтынын, бірақ өз жерінің сынық сүйемін бермейтінін «Қызыл әскерге» деген өлеңінде ашық айтады:

«Соғысты біз сүйеміз ел жылатқан,
Ол — ісі қанқұмардың қарғыс атқан.
Малым көп, бақшам жеміс, жер-суым мол,
Бір сүйем тілемейміз жерді жаттан»

деп жырлайды ақын советтік бейбітшілік саясатты.

IV

1941-жылы, 22 июнь күні жер жүзінде ең бірінші социалистік қоғам орнатқан біздің Советтік Отанымызға герман фашистері тұтқыйылдан шабуыл жасады. Бейбіт жатқан совет халқы басқыншылар салған жойқын әлекке қарсы өлтіре соққы беруге, Отанын зұлым жаудан қорғап қалуға кірісті. Осылайша, елімізге тиген зұлым жауға қарсы Ұлы Отан соғысы басталды. Совет халқы басқыншы жауға қарсы әділетті соғыс жүргізді, елін азат ету үшін күресті. Өлім мен өмір айқасты, адам баласы тарихта бұрынды-сонды көрмеген масштабтағы ұрыс болды.

Ұлы көсеміміз Сталиннің 1941 жылғы 3 июльде радио арқылы сөйлеген тарихи сөзі совет халқына зор қуат беріп, оның жеңіске деген сенімін бұрынғыдан да нығайтты, халықты партия мен үкметтің төңрегін топтай түсті, жауға деген өшпенділікті күшейтті. Халық жауға қарсы күрестен, майданнан ешнәрсесін аяған жоқ. Үлкен, кіші, ер, әйел демей әркім өз орнында ерлік көрсетіп жатты. Осы тұста Жамбыл жасының қартайғанына, науқастығына қарамастан, Сталиннің сөзін естісімен өз бойына қуат жыйнады; қолына домбырасын қайта алды; жауға қарсы аттанған ерлермен бірге өзінің жалынды сөзін аттандырды. Совет халқының жауға деген ыза-кегін, қаһарын шертті. Осы тұста ақын өзінің «Екі дүние

айкасты», «Өлім мен өмір белдесті», «Аттан, батыр ұрпағым!», «Совет жауынгерлеріне» деген өлеңдерін шығарды. Бұл өлеңдерден ақынның жауға деген өшпенділігі, ыза-кегі, ашулы айбары, біздің жеңетіндігімізге деген берік сенім айқын көрінді. Жамбылдың бұл өлеңдері нағыз патриоттық идеядағы, тамаша шығармалар болды.

Жамбыл халқымен бірге аттанып, соғыстың ең ауыр жерлерінде жауға қарсы өлеңін оқ етіп атып жүргендей болды. Жау Москваға таянғанда «Москваға» деген өлең шығарып, Отанымыздың астанасы, еліміздің жүрегі болып табылатын Москваны жауға бермеуге, оны жан аямай қорғауға шақырды.

Жау күші Ленинградқа төнген кезде ақын «Ленинградтық өрендерім» деген жалынды жырын шығарып қаһарман қаланы қорғаушы ерлерге сарқылмас жігер берді. Жамбылдың бұл өлеңі Ленинградтың көшелерінде плакат болып ілініп, блокаданың ең ауыр кезеңдерінде халыққа дем беріп отырды. Совет халықтары Ленинградты қорғауға тегіс аттанып жатқанын, одан ешнәрсе аямай көмек көрсететінін, жауды жеңіп шығатынын білдірді. Фашистер Сталинградқа қауіп төндірген кезде де ақын өзінің «Алынбас камал» атты әйгілі жырын шығарып, жаудың тас-талқанын шығаруға шақырды. Осы сыяқты Совет гвардиясы бөлімдеріне, Панфилов қолына, соғыстағы жауынгерлерге арнап өлең, хат жолдап отырды («Совет гвардеецтеріне», «Майданға хат» т. б.).

Соғыстың әрбір шиеленіскен кезеңі, совет жауынгерлерінің жеңістері, оның жырларынан әркезде орын алып отырды. Ақынның бұл кездегі творчествосы Отан соғысы тарихының шежіресі сыяқты. Оның «Воронеж батырларына», «Ленин өреніне», «Қамал бұзған қаһарман», «Жүз жасаған жүректен», «Жау ажалы жақын» т. б. өлеңдері майдан өмірін толық танытарлық жырлар.

Ақын соғыс жылдарында тылды, елдегі еңбек майданын да ұмыт қалдырған жоқ. Елдегі өмірді, совет азаматының еңбектегі ерліктерін де жыр етіп отырды. Жамбыл өзінің «Ту астында берген ант», «Темір тұлпар мінген қыз» т. б. өлеңдерін тылдағы еңбек адамдарына арнап айтты. Майданға кеткен азаматтардың орнын басып, қажырлы еңбек етіп жүрген еңбек өрендерінің жеңісті жақындату жолындағы патриоттық ісін мадақтап отырды. Майдан мен тыл екеуі бір мақсатта, жауға қарсы күрес майданында екенін ескертіп отырды.

Заман туды күтпеген
Оқ пен оттың тұманы
Дүниені бүркеген...
Сендерге де бұл бір сын,
Елдегі қыз, келіндер!
Күнде көрем ауылда
Темір тұлпар мінген қыз:
Жапан қырды төңкеріп,
Жерді егінмен көмкерген.
Елді азыққа тоқ еткен,
Дұшпанға ажал оқ еткен!»

дейді ақын.

Жамбылға майдандағы жауынгерлерден күн сайын көптеген хат келіп тұрды; олар ақынның жалынды жырларынан алған әсерлерін айтып, ақынға үлкен ризашылық білдіріп, алғыс жолдады. Жамбылдың «Балама хат» деген өлеңмен жазған хатын алып оқыған жауынгерлер жауап жазғанда: «...Қадырлы әкеміз, Жамбыл! Сіздің «Балама хат» деген өлеңіңіз таң алдындағы шығыстың майда желіндей желпіп бізге жетті. Біздің жігерімізді тасытты. Біз бәріміз де, осы хатты жазып отырғандар, батыр достарымыз туралы Сіздің тәтті жырларыңызды тағы да оқыймыз деген үміттеміз...» деді.

Жамбыл бұл хатқа өзінің «Жүз жасаған жүректен» деген ұзақ өлеңімен жауап қайырды.

Жамбыл өлеңін оқып, одан алған әсерлері туралы Ленинградты қорғаушылар да хат жазып отырды. Сол қаланы қорғаушының бірі «Правда» газетінің бетінде: «...Біз Жамбылдың өлеңін көзімізге жас іркіп, көкірегімізге кек толып оқыдық. Қазақстан халқы бізге туысқандық сәлем, достық пен махаббат жолдаған деп ұқтық. Бұл бізге зор жігер берді. Бейне бір запаста тұрған тұтас әскери күш келіп қосылғандай сездік. Еселенген күш, қайратпен асқан жігермен ұрыстық»¹ деп жазды.

Жоғарыда келтірілген мысалдар, Жамбылдың майданға қосқан үлесін толық танытса керек.

Жамбыл соғыстың Совет Армиясының жеңісімен аяқталғанын, неміс-фашистерінің күлі көкке ұшырағанын көзімен көріп, өзінің жеңіс туралы қуаныш сезімді күйін шертті. Ұлы ақын 1945 жылғы, 22 июнь күні, жүзге аяқ басқан жасында қайтыс болды.

¹ «Правда» газеті, 4 декабрь, 1944-жыл.

Совет халқы ақынның өліміне түгел қайғырды. Совет әдебиеті өзінің алып ақынынан айрылды. Қазақ совет әдебиетінің белін қайыстырарлық ауыр оқыйға болды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Жамбылдың қайтыс болғанын білдірген хабарлауында:

«Совет поэзиясының алыбы, қазақ халқы ғасырлық даналығының қазнасы, Сталин заманының жыршысы, XX ғасырдың Гомері Жамбыл Жабаев қайтыс болды» деп жазды.

V

Жамбыл поэзиясы өзінің көркемдігі жағынан да өзгеше поэзия. Ол өзгешеліктерін бір сөзбен айтып беру қыйын. Ол өз алдына бөлек, арнайы талдауды қажет етеді. Жамбыл поэзиясын ерекше етіп көрсететін сыйпат біздіңше, оның терең мазмұнды, жоғары идеялы болып келуі, сонымен бірге, образдылығы, жоғары интонациясы мен музыкалы болып келуі деуге болады. Халық күресін, совет адамдарының жеңістерін, жаңа түсінігі мен характерін, ерлік істерін көрсететін жалынды көркем поэзия болуында. Жамбыл халықтық эпикалық прием дәстүрін жаңа сапаға ұштастырып, совет патриотизмімен қабыстыра білді. Оның өлеңдері адамды өзіне еріксіз тартып отыратын жанды, күшті келеді, сыртқы формасы мен ішкі мазмұны тығыз ұштасып жатады. Ақын өмір шындығы мен жеке адамдар әрекетін көңілге қонымды, ой тербентерлік етіп, шебер суреттейді. Советтік патриотизм Жамбыл поэзиясының негізгі өзегі сыяқты. Жамбыл поэзиясында сыншылдық мотив те елеулі орын алады. Ол революцияға дейінгі сыншылдығын жаңа сапада, жаңа өмірдің тілегіне сай қолданып отырды.

М. Горький, біркезде, әдебиет — адам тану ғылымы деп атаған болатын. Жамбыл поэзиясы М. Горькийдің бұл бағасына толық сай келеді. Ақын шығармаларының тақырыптары да, қамтыйтын мәселесінің көлемі де өлшеусіз зор.

Жамбыл советтік тәрбие алып, сөз өнерінің қадірін білген және оны зорайтқан ақын. Ол қазақ совет әдебиетімен бірге өсіп отырды. Ауыз әдебиеті өкілі дәрежесінен жазба әдебиеті өкілі дәрежесіне жетті. Жамбылдың «Ворошилов туралы поэма», «Орындалған ант туралы жыр», «Жаңа жыл сәлемі», «Аттандыру», «Совет гвар-

деецтеріне», «Ленинградтық өренім» т. б. жаңа түрде, ерекше әсерлі, әуезді, үнді, дыбысты келетін өлеңдер. Жамбыл өлеңдері сюжетті, лирикалық сезімді, саяси беті айқын келеді. Оның әдеби приемдары алуан түрлі. Оның ішінде ауыз әдебиетінен мәлім теңеу, эпитет, әсірелеу, кейіптеу, образды сөздер көп кездеседі. Бірақ олар жаңарған ұғымда қолданылады.

Жамбылдың ақындық тілі халық тілінің бар байлығы мен нәр-нақыстарын толық қамтыйды. Ескі өмірді жаңа өмірге қарсы қоя, салыстыра отырып баяндауда да халықтық сөз өрнектері ерекше орын алады. Ақын сөзі өткір және терең мағналы келеді. Кейде ол мәтелге де айналып жатады:

«Бұлақтан теңіз шығады,
Тастан болат жаралып,
Халықтан туып данышпан
Топшылап сөзді буады...
Колхозданған ауылда
Жақсы жыр дүкен құрады
Ер қадірін ел баққан
Ерлер білер деген сөз,
Зер қадірін зер соққан
Зергер білер деген сөз.
Ұрыс шығар мияттан¹,
Сөз атасы құлақтан,
Су атасы бұлақтан,
Ер туады халықтан,
Нұр шығады жарықтан.

Жамбыл өлеңдерінде көсемдер сөзі мен үкмет ұрандары да орын алады. Бұл ақынның саяси санасының қаншалықты көтерілгенін көрсетеді.

«Бір сүйем тілемейміз жерді жаттан»
«Партия атын жоғары, таза қылып ұстаған...»
«Пролетариат диктатурасын, нығайтып таза
ұстаған».
«Жұмысшы шаруа одағын, нығайтып таза ұстаған»

т. о. өлең жолдары көсемдер сөзі мен партия документтерінен алынған сөздер.

«Жүрегі қызыл Кремль жұлдызындай
Ойнаған», немесе «орнықты Кремльдің
қорғанындай»

т. б. жаңа сөздер Жамбылда өте көп кездеседі.

¹ Мият — тілектес, достас, көңілдес мағнасында.

Ақын коммунистерді суреттегенде:

«Сталиннен үлгі алған,
Шын болаттан құйылған.
Большевикті көремін» —

деп келтіреді. Ленин мен Сталинді суреттегенде ақын:

«Өсиетің сөнбес күн,
Күш-қуаты миллион мың...
Жарқырап атқан таңымның —
Ұлы Ленин алыбы
Ленинше елді бастаған
Бүгінгі Ленин — Сталин» —

дейді.

Жамбылдың кейбір өлеңдерінде табиғат көрінісі де айқын беріледі. Оның «Жаз», «Жаз жыры» т. б. өлеңдерінде совет елінің табиғаты шебер бейнеленген:

Шағаласы шаңқылдап,
Көк орай шалғын, орман, көл,
Шалқып жатқан ен дәулет,
Салтанат, шаттық, сән, сәулет,
Аймағым асқар қорған бел».

«Правда» газеті Жамбыл поэзиясына толық бағаны ерте және дәл берген болатын. «Жамбылдың социалистік реализммен жырланған жалынды, қуатты өлеңдері мен шығармалары миллиондардың жүрегін тербейді, социализм жолындағы күреске шақырады... Қазақстанның даңқты ақынының теңсіз лиризмге толы, ұмытылмастай образдарға бай ғажап жырларынан совет халқы біздің өміріміздің жүрек соғысын сезеді, біздің дәуіріміздің ілгерілеген қыймылын аңғарады, көркем сыйпатталған өз өмірін, өзінің асыл ойын, көңіл күйін көреді»¹ деп жазды «Правда» Жамбыл творчествосы туралы.

Жамбыл ұзақ жасаған, тәжірибелі ақын. Оның тіл байлығы мен ақындық тәжірибесі совет ақындарына үлгі болып отыруы керек. Әсіресе, өлеңнің идеялылығы мен ұйқастылығы жағынан ақыннан көп нәрсе үйренуге болар еді.

Жамбыл өлеңдерінің тек буын санына қарап, оны ескі үлгідегі ақын деуге болмайды. Ол — жаңашыл ақын. Оның өлеңдері партиялық поэзия. Жамбыл поэзиясы өзінің ұйқасы, ырғағы және музыкалы, лептілігі

¹ «Правда» газеті, 20 май, 1938 жыл.

жағынан ерекше көңіл бөлуді керек етеді. Жамбыл жеңіл ұйқастың ақыны емес, ол ұйқастың жаңа түрлерін қолданып, жазба әдебиетке тән ұйқастарды дамытты; шұбыртпалы, үндес, кезекті ұйқастарды көп қолданды. Өлең шумақтары да өне бойы шұбыртпалы жыр бола бермейді, кейде алтыаяқ, үш тармақ сегіз аяқ өлең мен төрт жолды, жеті буынды өлең шумағын да қолданды. Жазба әдебиетке тән қасиеттер ақын өлеңдерінде мол кездеседі.

* * *

Қорыта келгенде, Жамбыл қазақ халқының бойындағы рухани қуатты өз бойында сақтап, оның зор күшін таныта білген алып ақын болды. Жамбылдың ақындық күші Советтік Социалистік Отанымыздың күн санап өсіп келе жатқан асқар күшімен бір қайнап, бірге өсіп отырды.

В. И. Ленин 1919 жылы, былай деп жазған еді: «Капитализм жұмысшылардың, еңбекші шаруалардың арасындағы көптеген таланттарды тұншықтырып, жаныштап, қыйратып отырды. Бұл таланттар мұқтаждықтың, қайыршылықтың, адамдық тұлғаны қорлаудың азабынан апат болды. Біздің міндетіміз енді бұл таланттарды тауып, оларды жұмысқа кірістіру».

Жамбылдың зор талантын Коммунистік партия кезінде көре біліп, оның бой сала өсіп, өзінің зор тұлғасын танытуына толық мүмкіншілік берді, жағдай туғызды. Соның нәтижесінде Жамбыл өзінің алып бейнесін бүкіл әлемге танытты.

Жамбыл данышпан көсемдеріміз Ленин мен Сталин образдарын жасауда нағыз халықтық ойды білдірді, ең күшті асыл сөздерді саралап қолданды, оны теңіз түбінен сүзіп алғандай көп ізденіп тапты, халық сөзінің асылдарын шыңдап соқты да, тамаша ұмытылмас бейне жасады.

Дүниеде жалғыз күн бар нұры сөнбес,
Ол сөнеді дегенге әлем сенбес.
Ақылдың сомдап соққан биік шыңы,
Ленин менен Сталин соған теңдес»

деді, ақын.

Жамбыл Отанын, елін жанындай сүйіп, қалтқысыз еңбек еткен патриот ақын болды. Оның поэзиясы патриоттық идеяның үлгісі боларлық жалынды жыр болды.

«Мен өзімнің социалистік Отанымды өлшеусіз жақсы көремін. Оны сөзіммен де, қолыммен де қорғаймын» деді ақын.

Жамбыл өлендерінің тәрбиелік мәні өте зор. Ақын шығармалары жастарды Отанын сүйуге, ерлікке, достыққа, жауына мейірімсіз болуға тәрбиелейді.

Шындықтың айнасы, бейбітшілік жолындағы күрестің, халықтар достығының жыршысы, дәуіріміздің мақтанышы — Жамбыл халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Өйткені, Жамбыл артында өлмейтін сөз қалдырған көркем поэзияның алыбы, ұстаз ақын.

Жамбылдың жалынды жырлары совет адамдарын, жер жүзіндегі барлық адал ниетті қарапайым адам баласын баянды бейбітшілік үшін, жаңа соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы батыл күресуге жұмылдырады.

Жамбылдың қайтыс болғанынан бері 10 жыл өтті. Бірақ Жамбылдың аты мен жалынды жырлары халық есінен ешқашан шықпақ емес. Ол мәңгі өлмейтін сөз қалдырды. Сондықтан оны өлді деуге болмайды. Ол әркезде халықпен бірге жүреді, бейбітшілік үшін күресте де, коммунистік алып құрылыста да еңбекші халықпен, бейбітшілік сүйгіш елдермен қатар қадам басып, бірге жүріп келеді.

**ХАНГАЛИ СУЩАЛИЕВ,
кандидат филологических наук
ДЖАМБУЛ ДЖАБАЕВ—
ВЕЛИКИЙ ПОЭТ КАЗАХСКОГО НАРОДА**

(на казахском языке)

Редактор *Машаков М.* Редактор Правления республиканского
Общества *И. Ондасынов.* Техн. редактор *К. Фаритденов.*
Корректор *К. Сарыбекова.*

Сдано в набор 30/VI 1955 г. Подписано к печати 1/IX 1955 г.

Формат 84 × 108 $\frac{1}{32}$ — 1,375 = 2,25 п. л. (2,3 уч.-изд. л.).

Тираж 15.000 экз. УГ06219.

Казгосиздат, г. Алма-Ата, ул. Панфилова, 129.

Цена 85 коп.

Заказ № 544. Гостипография № 2 Главиздата Министерства культуры КазССР.
г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 55.